

**Абай облысының кәсіподақ ұйымында құқықтық  
заңдылықтарды орындауда құқық қорғау жұмыстары мен қоғамдық  
бақылауды ұйымдастыру туралы  
АНЫҚТАМА**

Абай облыстық кәсіподақ ұйымының қызметіндегі ең негізгі бағыттарының бірі болып, жұмыс берушілермен еңбек заңнамасының, кәсіподақтар туралы заңнаманың, ұжымдық шарттар мен келісім міндеттерінің орындалуына қоғамдық бақылауды, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек мәселелері мен құқықтарын қорғау, кәсіподақ органдары мен кәсіподақ мүшелеріне заңгерлік-кеңестік көмек көрсетуді құрайтын құқықтық жұмыс болып табылады.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының» Абай облысының кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі құрамына 25 000 кәсіподақ мүшелерін қамтитын 9 филиал, 399 бастауыш кәсіподақ ұйымдары кіреді.

Облыстағы білім беру ұйымдарында барлық қажетті құжаттармен (ереже, хаттама үлгілері, т.б.) қамтылған 397 келісу комиссиялары бар.

Кәсіподақтың құқық қорғау қызметі «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің құқықтық қызмет туралы Ережесінің негізінде төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

- еңбек заңнамасының сақталуына бақылау жасау;
- әлеуметтік серіктестік аясында әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуге қатысу;
- кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін сотқа дейінгі және сотта қорғау;
- білім беру ұйымдарының басшылары мен кәсіподақ төрағаларын, келісу комиссиясының мүшелерін, техникалық инспекторларды оқыту, құқықтық мәселелер бойынша ақпараттық-әдістемелік көмек көрсету.

Құқықтық бағыттағы жұмыстарды жүргізу мақсатында 0,5 ставкадан құқықтық жұмыс жөніндегі бас маман лауазымы облыстық кәсіподақ ұйымы аппаратының, Семей қалалық комитеті мен Үржар аудандық комитетінің штаттық кестелеріне енгізілді.

2023 жылғы 19 маусымда жүргізілген келісімдердің негізінде «Абай облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының» Абай облысының кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігі арасында Абай облысының білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үш жылдық мерзімге арналған Әлеуметтік әріптестік туралы өңірлік салалық келісім жасалды.

Келісім Ережесіне сәйкес:

Қазақстан Республикасының «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік

қорғау туралы» Заңына сәйкес Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен аумақтарда жұмыс жасайтын білім беру ұйымдарының, соның ішінде жоғары оқу орындарының қызметкерлеріне, олардың экологиялық куәліктері болуы-болмауына қарамастан:

1) ай сайын белгіленген мөлшерде радиациялық қауіпті аймақтағы жұмысы үшін қосымша ақы төленуде;

2) жыл сайынғы еңбек демалысымен бірге берілетін қосымша жыл сайынғы ақылы демалыс тағайындалады.

Білім беру ұйымдарының педагогтарына отынға және коммуналдық қызмет шығындарының өтемақылары қолданыстағы Келісім негізінде 32000 теңге мен 35500 теңге аралығында төленуде.

Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындарда, сондай-ақ шаруашылық басқару құқығындағы кәсіпорындарда жыл сайынғы еңбек демалысына қосымша сауықтыру жәрдемақысы төленуде, мысалы 2023 жылы 530 миллион теңге шамасында төленді.

Білім беру саласындағы мекеме, кәсіпорындардың автокөлік жүргізушілеріне (мектеп автобустары, т.б.) қызмет көрсету, шағын жөндеу жұмыстары, слесарлық жұмыстар үшін жүргізушінің өзінің лауазымдық еңбекақысынан 50% көлемінде қосымша ақы(лауазымдарды қоса атқару, қызмет көрсету аумағының кеңеюі) тағайындалып төленеді.

Жұмыс беруші тарапынан педагогтар жыл сайынғы медициналық тексеруден тегін өтуде.

Негізгі лауазымынан босатылмаған бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағаларына 5 күнге дейін қосымша ақылы еңбек демалысы берілуде.

Білім беру ұйымдарының медициналық қызметкерлеріне, кітапханашыларға, аудандық, қалалық, мектептердің, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің басшыларына, бас бухгалтер мен бухгалтерлерге, бас экономист пен экономистерге 3 күнге дейін қосымша ақылы еңбек демалысы беріледі.

Кәсіподақ ұйымдары құрылған білім беру ұйымдарында 396 ұжымдық шарт жасалды, оларға қажеттілігіне байланысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес толықтырулар мен өзгерістер енгізілуде.

Келісімдер мен ұжымдық шарт талаптарын орындау бойынша бақылау жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілуде.

Кәсіподақ мүшелерінің еңбек қатынастары мәселелері бойынша құқықтары мен мүдделерін қорғау және құқықтық көмек көрсету үшін құқықтық жұмыс бойынша маман төмендегі функцияларды атқаруда:

- кәсіподақ мүшелеріне күнделікті жеке қабылдау жүргізеді, оларға ауызша не жазбаша кеңес береді, құқықтық сипаттағы құжаттарды (еңбек шарттары, материалдық шарттар, жұмыс берушінің акттерін рәсімдеу, ЕҚ және ҚТ бойынша нұсқаулық беру, т.б.) жасауда, әлеуметтік-еңбек сұрақтары (ұжымдық шарттар) бойынша, кәсіби қызметімен байланысты сұрақтар (лауазымдық нұсқаулықтар) бойынша көмек көрсетеді, кәсіподақ

мүшелерінің хат, арыз, шағымдарын қарайды, оларға қажетті түсіндіру жұмыстарын жүргізеді немесе қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

2023 жылдың қаңтарынан бүгінгі күнге дейін еңбек заңнамасы мәселелері бойынша қызметкерлердің 11 өтініші қаралып, толық жазбаша жауабы берілсе, 170-тен астам қызметкерге ауызша кеңестер берілді.

Облыстық ұйымның төрағасы мен құқықтық сұрақ бойынша маман медиацияны қолдана отырып, қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері бойынша соттармен өткізілген дөңгелек үстелдерде, сондай-ақ мемлекеттік комитет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттікпен өткізілген кездесулерге қатысты.

Біліктілігі жоқ қызметкердің сауықтыру үшін өтемақы төлеу туралы шағымы бойынша Бородулиха аудандық сотының отырысына қатысып, іс қызметкер пайдасына шешілді.

Ағымдағы жылы «Семей қаласының политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында, Бесқарағай, Бородулиха және Көкпекті аудандарының кәсіподақ ұйымдарында еңбек ұжымдары қызметкерлерін әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, «Кәсіподақтар туралы», еңбек заңнамалары мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша тексерулер жүргізілді.

Ағымдағы жылдың наурыз айында мемлекеттік Еңбек инспекциясы мен білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне Көкпекті ауданының білім беру қызметкерлерінің бухгалтерлерге, іс жүргізушілерге, экономистерге, автөкөлік жүргізушілеріне лауазымдарды қоса атқару, қызмет көрсету аумағының кеңеюі бойынша қосымша ақының төленбеуі бойынша арыздарын жалғап, шағым жіберілді. Шағымның қаралу нәтижесі бойынша төленуі тиіс барлық қосымша ақылар төленді.

2023 жылдың мамыр-маусым аралығында білім беру қызметкерлері мен кәсіподақ мүшелеріне еңбек заңдылықтарының сақталуы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, Келісім ережесі мен ұжымдық шарттардың беретін жағдайы бойынша Бесқарағай, Бородулиха, Көкпекті, Ақсуат аудандарында слайдтар көрсетіліп, әдістемелік нұсқаулықтар таратылып, оқу-әдістемелік семинарлары өткізілді, соңы білім беру қызметкерлерін жеке қабылдауға жалғасты.

Білім беру қызметкерлерінің ауызша және жазбаша шағымдарын қарау нәтижесі бойынша төленуге қажетті (басқа қызметкерлер мен автөкөлік жүргізушілеріне лауазымдарды қоса атқару, қызмет көрсету аумағының кеңеюі, біліктілігі жоқ қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына сауықтыру үшін өтемақы төлеу) сома 89 410 500 теңге көлемінде толықтай төленді.

2023 жылдың II жартыжылдығында Атқару комитетінің отырысында «Бесқарағай аудандық кәсіподақ ұйымының білім беру қызметкерлерінің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша жұмыс тәжірибесі туралы» сұрақ қаралды. Сондай-ақ, құқықтық жұмыстар бойынша маманмен үнемі еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелері

бойынша ақпараттық-кеңес беру жұмыстары өткізілуде, білім беру ұйымдарында еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша ішкі бақылауды жүргізу бойынша жадынама жасалды.

2023 жылдың мамыр айында ZOOM арқылы бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, техникалық инспекторлар, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша жауапты тұлғалар үшін «Білім беру ұйымдарында еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі» тақырыбында семинар өткізіліп, семинар аясында слайдтар көрсетіліп, әдістемелік құралдар, нормативтік-құқықтық құжаттар таратылды.

2023 жылдың 24 шілде -10 тамыз аралығында облыстық кәсіподақ ұйымы аппаратының құқықтық жұмыс жөніндегі бас маман 88 мекемені жаңа оқу жылына қабылдау жөніндегі комиссия жұмысына қатысты. Қабылдау барысында еңбек заңнамасы талаптарын сақтау бойынша қоғамдық бақылау жүзеге асырылды. Бақылау аясында жұмыс орындарының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкестігіне, тиісті құжаттардың болуы мен рәсімделуіне ерекше назар аударылды.

Уақытылы көрсетілген құқықтық көмек, көптеген түйткіл мәселелердің, еңбек дауларының оң шешілуі арқасында кәсіподаққа деген сенімнің деңгейі көтеріліп, сотқа дейінгі және сот органдарына шағымдар азаюда.

**Облыстық ұйым төрағасы**

**С. Ибраев**